

Министерство образования и науки  
Республики Казахстан

Комитет науки

**ИНСТИТУТ ЭКОНОМИКИ**

**ИННОВАЦИОННАЯ ЭКОНОМИКА И  
ГУМАНИЗАЦИЯ ОБЩЕСТВА:  
ГЛОБАЛЬНЫЙ МИР И КАЗАХСТАН**

Материалы международной  
научно-практической конференции,  
посвященной 70-летию со дня рождения  
лауреата Государственной премии РК,  
академика НИА РК,  
д.э.н., профессора  
Оразалы Сабдена

Том 1

Алматы  
2017

УДК 330  
ББК 65.050  
И 66

**И 66      Инновационная экономика и гуманизация общества: глобальный мир и Казахстан /** Под ред. А.А. Сатыбалдина. – Алматы: Институт экономики КН МОН РК, 2017. – Т. 1.– 588 с.

ISBN 978-601-215-147-3

В сборник включены статьи, научные доклады известных зарубежных и отечественных ученых, вузовских работников и специалистов-практиков, представленные на международной научно-практической конференции **«Инновационная экономика и гуманизация общества: глобальный мир и Казахстан»**, посвященной 70-летию со дня рождения академика **НИА РК, д.э.н., профессора Оразалы Сабдена**. В статьях отражены институциональные основы и доминирующие тенденции развития инновационной экономики в условиях глобализации, социальной модернизации в контексте развития новых потребностей инновационной экономики, региональные проблемы и вопросы формирования инновационных кластеров, направления гуманизации как фактора гармонизации и оптимизации развития общества и т.д.

Материалы сборника предназначены для специалистов, работников государственных учреждений, научных организаций и учебных заведений, магистрантов, докторантов и широкого круга читателей, интересующихся данной проблематикой.

УДК 330  
ББК 65050

Ответственный редактор *А.Ж. Панзабекова*

Научное издание  
Рекомендовано

Ученым советом Института экономики КН МОН РК

ISBN 978-601-215-146-6  
ISBN 978-601-215-147-3

© Институт экономики КН МОН РК, 2017

<i>Женісханова А.Қ., Бодаубаева Г.А.</i> Заманауи стандарттарға сай келетін, ұлттық көлік-логистика кешенін құрудағы жүйелік элементтер	282
<i>Бубеев М.С.</i> Globalisation: sharing economy and unemployment	290
<i>Хасенова А.Б.</i> Перспективы развития транспортной системы Казахстана в условиях усиления интеграционных процессов	297
<i>Камысбаев М.К.</i> Улучшение информационного обеспечения сельхозтоваропроизводителей в эпоху глобализации	302
<i>Азанов Б.К.</i> Устойчивый рост ЕАЭС и международные интеграционные инициативы по развитию транспортно-экономического сотрудничества	309
<i>Хамзаева А.В.</i> Роль системы биткойн в мировой финансовой системе	318
<i>Асқаров Ғ.А.</i> Экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттырудағы көліктік логистикасының әсері	327
<i>Оспанбаев Ж.А.</i> Экономикадағы құрылымдық өзгерістерге әсер етуші факторлар	339
<i>Жакина Г.Е., Жумашева А.Б., Жарасбаева А.Б., Касимова Л.Н.</i> Қазақстан Республикасының сыртқы сауда операцияларының ағымдық жағдайын талдау	345

**Оспанбаев Ж.А.,**  
PhD докторанты  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,  
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

## **ЭКОНОМИКАДАҒЫ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРГЕ ӘСЕР ЕТУШІ ФАКТОРЛАР**

*Аңдатпа.* Қоғам дамуының постиндустриалдық кезеңге өтуі ұлттық экономиканың құрылымын түбегейлі өзгертуді қажет етеді. Мұнда, ең алдымен ұлттық экономика құрылымындағы өңдеуші өнеркәсіп пен қызмет көрсету секторларының үлесін арттыру мен оны ұдайы қолдауға баса назар аударылуы тиіс. Экономикадағы құрылымдық өзгерістерді жүзеге асыруға қандай да бір дәрежеде әсер ететін көптеген факторлар бар. Мақалада осы факторлардың бірқатары талданған, соның ішінде конъюнктуралық, институционалдық, инновациялық және жаһандану факторы. Сонымен бірге, осы себептерге байланысты Қазақстан экономикасындағы құрылымдық өзгерістердің қажеттілігі дәйектелген.

Отандық экономикадағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің қазіргі кезеңінде дамудың құрылымдық аспектісін белсенділендіру қажеттілігі туралы пікірлер жиі айтылады. Аймақтың, сондай-ақ тұтас ел экономикасының құрылымын жетілдірудің маңыздылығы әр түрлі күштер әрекетінің пассивті нәтижесі емес, экономикалық өсуге тікелей әсер етуші дамудың дербес факторы ретінде қарастырылады [1].

Осы себепті экономикалық өсудің жаңа сапасы болып сипатталатын экономикалық дамудың қазіргі заманғы моделін қалыптастыру үдерісіне әсер ететін құрылымдық өзгерістердің негізгі факторларын анықтау ерекше ғылыми маңызға ие.

Осы тұрғыда, қазіргі жағдайда аймақтар мен тұтас елдің экономикасындағы құрылымдық өзгерістерге анағұрлым күшті ықпал етуші факторлар келесілер деп есептеуге болады:

- конъюнктуралық;
- институционалдық;
- инновациялық;
- жаһандану.

Құрылымдық өзгерістердің конъюнктуралық факторлары сұраныспен және ұсыныспен шарттастырылған. Жиынтық сұраныстың 2/3 бөлігі тұрғындардың сұранысына тиесілі «алтын миллиард» елдерінің көптеген ғалымдары құрылымдық зерттеулер жүргізу кезінде сұранысқа басты назар аударады. Жекелеген салалар тұрғындартабысының көлеміндегі, тауарларға салыстырмалы бағалардағы, сәннің әсерінен тұтынушылар талғамының өзгерісіндегі айырмашылықтар салдарынан тұтас экономикамен салыстырғанда жедел немесе баяу өседі. Алайда, зерттеушілердің басқа тобы сұраныспен салыстырғанда ұсыныстың басымдығын алға тартып, дәлелдеуге тырысады. Қатал бәсекелестік күресте белгілі бір саланың біркелкі өнімдер шығарушы кәсіпорындары өнімдерін модификациялау мен ассортиментті кеңейту арқылы нарықтағы орнын нығайтуға тырысады. Мұнда көп жағдайда жаңа өнімдер дайындау мен оларды нарыққа шығарусыз өнімнің жекелеген компоненті ғана өзгертіледі. Кейде сәтті жарнаманың өзі өзгертілген бұйымды, сәнге айналған жағдайлар арқасында жаңа өнім етіп көрсетуі мүмкін[2].

Экономикадағы құрылымдық өзгерістердің институционалдық факторлары өндірістің экономикалық тәсілдерінің ауысуы, экономикалық укладтардың құрылымы мен ара қатынасы кезіндегі нарықтық институттар мен

экономикалық қатынастар жүйесінің трансформациясымен байланысты экономикалық жүйенің құрылысын сипаттайды. Мұнда халық шаруашылығының негізгі секторлары – институционалдық салалардың (өнеркәсіп, транспорт, байланыс және т.с.с.) құрылымдық динамикасы институционалдық өзгерістердің индикаторы қызметін атқара алады. Институционалдық салалардың арасындағы ара қатынас экономиканың ұдайы өндірістік типін (аграрлы, индустриалды, постиндустриалды экономика) сипаттайды. Қазіргі заманғы экономикалық әлемде адам фактордының маңыздылығының артуымен байланысты адамның іс-әрекетін реттеу институттары айрықша маңызға ие болуда. Олардың қатарына білім беру институттарын, мәдени және құқықтық және т.с.с. институттарды жатқызуға болады.

Осылайша, құрылымдық өзгерістердің институционалдық факторлары белгілі бір нарық институттарының экономиканың құрылымына әсерімен көрінеді. Мұнда институт деп салалар, меншік формалары, сондай-ақ институттар арасындағы өзара қатынастарды реттеуші ережелер мен нормалар түсініледі. Ол сала, аймақ, экономикалық зона бойынша дифференциацияланған анағұрлым тартымды инвестициялық климат қалыптастыруды қоса алғанда, құрылымдық өзгерістер үшін жағдай жасау болуы мүмкін.

Құрылымдық өзгерістердің инновациялық факторлары ұлттық шаруашылықтың техникалық және технологиялық өзгерістерімен анықталады. Шаруашылыққа жаңа техника мен технологияны енгізудің рөлін зерттеуге негізделген теорияның іргетасын алғаш қалаған Н.Д. Кондратьев болды. Ол шамамен жарты ғасырға созылатын үлкен циклдар туралы баяндай келе, «жоғарылаушы» және «төмендеуші» толқындардың техникалық өнертабыстар мен олардың практикалық қолданылуы арасындағы заңды

байланысты негіздеді. «Әрбір үлкен циклдың жоғарылаушы толқыны басталар кезде қоғамның шаруашылық өмірінің негізгі шарттарында айтарлықтай өзгерістер байқалады. Бұл өзгерістер әдетте өндіріс пен айырбас техникасының терең өзгерістерінен, ақша айналымы шарттарының өзгерістерінен, әлемдік шаруашылық өмірдегі жаңа елдердің рөлінің артуынан көрінеді»[3].

XX ғасырдың 30-шы жылдарында Й.Шумпетер экономика құрылымын циклдық жаңарту заңдылығын анықтады. Ол, нарықтық қатынастар – бұл инновациялар толқыны бірін-бірі үздіксіз алмастырып отыратын үдеріс деп анықтап, оны «жасампаз жоғалту» (creative destruction) деп атады. Й.Шумпетердің пікірінше, құрылымдық өзгерістердің себептері әр түрлі уақыт аралығында жүзеге асып отыратын «жаңашылдықтар кластері» болып табылады[4].

Көптеген экономистер құрылымдық өзгерістердің алғашқы себебі ғылыми-техникалық прогресте деп санады. Ғылым мен техниканың дамуы қоғамның қажеттіліктеріне айтарлықтай ықпал ете отырып, экономика құрылымындағы елеулі өзгерістер үшін үлкен мүмкіндіктер ашады. Сонымен қатар, ҒТП-пен еңбек бөлінісінің тереңдеуі мен өндірістің мамандануының кеңеюі тығыз байланысты.

Технологиялық инновацияларды зерделеуге Нобель сыйлығының лауреаты С.Кузнец айтарлықтай үлес қосты. Жүзеге асырылған құрылымдық өзгерістер және оның нәтижесі ретінде индустриалдық кезеңдегі жедел экономикалық өсу, оның ойынша жарқын инновациялармен ғана мүмкін болады[3].

Осылайша, ұлттық шаруашылықтың ғылыми білімге негізделген техникалық және технологиялық өзгерісі қазіргі таңда микро- және макроэкономикалық деңгейде де экономикалық өсудің қуатты генераторы болып табылатынын

атап өту қажет. Инновациялық факторлар-дың құрылымдық өзгерістерге әсері нәтижесінде экономикалық даму орын алады, сондай-ақ жоғары технологияларға негізделген, жұмысбастылық пен қосылған құнның маңызды қайнар көздерінің бірі болып табылатын жаңа салалар пайда болады. Мұнымен бір уақытта әлемдік нарықта мүлдем жаңа, технологиялық прогресс нәтижесінде қалыптасқан қажеттіліктерді қанағаттандырумен байланысты, жоғары технологиялы нарық атауына ие жаңа ірі бос орындар (ниша) пайда болады.

Құрылымдық өзгерістерге әсер етуші төртінші фактор экономиканың жаһандануы болып табылады. Жаһандану факторының құрылымдық өзгерістерде әсері халықаралық еңбек бөлінісінің даму дәрежесінен; шаруашылық байланыстардың интернационализация дәрежесінен; экспорт пен импорт құрылымынан; еңбек нарығы мен капиталдың интернационализациясынан; елдің халықаралық сауда және қаржылық ұйымдарға тартылуынан; экономикалық және валюта-қаржылық интеграция үдедістерінен және басқа да бірқатар үдерістерден көрінеді[5].

Бүгінде жаһандану ұлттық экономиканың сыртқы әлем үшін ашық салаларын түгел қамтып үлгерді. Заманауи ақпараттық және коммуникациялық технологиялар алдыңғы қатарлы елдерден дамушы ұлттық шаруашылық жүйесіне ене отырып, олардың өндірістері мен салаларының кең көлемін техникалық тұрғыдан жақсартуда, сондай-ақ донор елдердің ішкі нарықтардағы монополизациясының қалыптасқан материалдық-техникалық негіздерін шайып кетуде. Алдыңғы қатарлы технологиялар базасында ұлттық экономиканы модернизациялау мүмкіндіктері салалар бойынша әр түрлі жүзеге асырылуда.



Осылайша, экономикадағы құрылымдық өзгерістер постиндустриалды экономиканың даму үрдістері мен қажеттіліктеріне, сондай-ақ жаһандану жағдайындағы әлемдік шаруашылықтың қазіргі заманғы үрдістеріне сәйкес келуі тиіс. Яғни, постиндустриалды қоғамға өту кезінде экономиканы құрылымдық қайта құру ғылыми сыйымды, жоғары технологиялы салалар мен өндірістің, білім беру саласының дамуын талап етеді. Бұл Қазақстанға ХХІ ғасырдағы әлемдік экономикадағы өз орнын айқындауға мүмкіндік береді.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі*

1. Дедов Л.А. Структурно-динамический анализ в экономике. – Ижевск, 1995
2. Перепёлкин В.А. Структурные изменения в процессе экономического роста. – Самара: Изд-во Самарского научного центра РАН, 2005
3. Кузнец С. Современный экономический рост: результаты исследований и размышлений. Нобелевская лекция // Нобелевские лауреаты по экономике: взгляд из России / Под ред. Ю.В. Яковца. СПб.: Гуманистика, 2003
4. Шумпетер Й. Теория экономического развития. – М.: Прогресс, 1982
5. Елемесов Р., Оспанбаев Ж.А. Экономикадағы құрылымдық өзгерістердің бірқатар себептері (Қазақстан экономикасының мысалында)//ҚазҰУ Хабаршысы, Халықаралық қатынастар және халықаралық құқық сериясы, Алматы, 2016, №2, 313-317 бб.

Научное издание

**Инновационная экономика и гуманизация общества:  
глобальный мир и Казахстан**

Материалы международной  
научно-практической конференции,  
посвященной 70-летию со дня рождения  
лауреата Государственной премии РК, академика НИА РК,  
д.э.н., профессора  
Оразалы Сабдена

Том 1

Рекомендовано к печати  
Ученым советом Института экономики Комитета науки  
МОН РК

Компьютерная верстка и оформление О.Д. Шевченко  
Подписано в печать 5.05.2017 г.  
Усл.-п.л. 41,1  
Тираж 500 экз.

ISBN 978-601-215-147-3

